БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның I,II аралық бақылауға арналған сұрақтары

- Пәні: «Қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»
- Пән коды: KAEZh 2210
- ББ атауы және шифры: 6B10115 «Медицина» қысқартылған білім беру бағдарламасы
- Оқу сағаты/ кредит көлемі: 120 сағат/ 4 кредит
- Оқу курсы мен семестрі: 1-курс, 1-оқу семестрі

Шымкент, 2025ж

Құрастырған: оқытушы Абдураимова Ұ.А.

Хаттама № 11 «27» 06 2025ж.

Кафедра меңгерушісі Танабаев Б.Д.

Бағдарламаның I аралық бақылауға арналған сұрақтары

№1
Науқас жалпы әлсіздікке, іштің ауыруына (эпигастрий аймағында), аш болған кезде күшеюіне, тәбетінің төмендеуіне, ауыздан жағымсыз иісі бар қышқыл немесе шірік кекіруіне, жүрек айнуына шағымданады. Анамнезінен созылмалы гастритпен ауыратыны белгілі. Тері жамылғысы таза, бозғылт. Тілі ақ жабындымен жабылған, емізікшелері тегістелген.
Сұрақтар:
Анатомия: Асқазанның топографиясы, құрылысы.
Гистология: «Асқазан бездері» гистологиялық препаратын сипаттаңыз.
Физиология: Асқазан сөлінің құрамы, сөл шығуының реттелуі.

№2
Науқас бауыр циррозы диагнозымен гастроэнтерологта есепте тұрады. Қанды клиникалық-зертханалық зерттеу кезінде биохимиялық зерттеуде: жалпы билирубин концентрациясы - 49,2 мкмоль/л, альбумин - 36 г/л, протромбин индексі - 78%. Науқаста асцит және бауыр энцефалопатиясы жоқ екендігі анықталды.
Сұрақтар:
Анатомия: Бауырдың анатомиялық құрылымы.
Гистология: Бауыр бөлшегіне сипаттама беріңіз.
Физиология: Бауырдың ас қорытудан басқа атқаратын қызметтері, өттің асқорытудағы маңызы.

№3
Науқас эндокринологта 1-типті қант диабеті диагнозымен есепте тұр. Тамақ ішу кезеңін мектеп сабақтарының қарқынды кестесіне және жаттығуларға байланысты жиі жіберіп алады. Бірнеше рет гипогликемия клиникасымен стационарға түскен.
Сұрақтар:
Анатомия: Ұйқы безінің құрылысы, топографиясы, қанайналымы мен иннервациясы.
Гистология: Ұйқы безінің гистопрепаратың сипаттаңыз
Физиология: Ұйқы безінің сөлінің құрамы мен қызметтері. Ұйқы безінің сөл шығару кезеңдері.

№4
Науқас дәрігерге лоқсу, кекіру, құсу және ауыз қуысындағы жағымсыз иіске шағымданып келді. Созылмалы гастрит диагнозы қойылды. Гастрит кезінде асқазанның қай қабаты зақымданады?
Анатомия: Асқазанның қабырғасының қабаттары, ішастарға қатынасы
Физиология: Аш ішектегі ас қорытылу, аш ішек сөлі.
Гистология: Жіңішке ішектің гистологиялық препаратын сипаттаңыз

№5
Науқастың тіліне ота жасау қарастырылуда. Ота барысында хирург тілді қанмен қамтамасыз ететін артерияны байлауы қажет.
Анатомия: Тілдің құрылысы, бұлшықеттері, қанмен қамтамасыз етілуі.
Физиология: Сілекей құрамы, шығуы, оның реттелуі.

Гистология: «Сілекей безі» гистологиялық препаратын сипаттаңыз

№6

Науқас асқазаннан қан кету белгілерімен шұғыл түрде хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру барысында асқазанның кіші иіліміннен терең қан кетіп жатқан жара анықталды.
Анатомия: Асқазанның қай тамырларынан қан кетуде?
Физиология: Асқазандағы астың қорытылу процессін сипаттаңыз.
Гистология: Асқазан микропрепаратын сипаттаңыз.

№7

Науқас оң жақ мықын аймағындағы күшті ауырсынумен хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру жүргізу барысында жедел аппендицит диагнозы қойылды.Ішектің қай бөлігі зақымданған?
Анатомия: Зақымдалған ағзаның құрылысы, топографиясы, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық ағымын сипаттаңыз.
Физиология: Тоқ ішектегі ас қорыту процессін түсіндіріңіз.
Гистология: Тоқ ішектің гистопрепаратын сипаттаңыз.

№8

Науқасты қарау кезінде невропатолог тілді шығарған кезде қиындауын байқады, бұл оның қаңқа бұлшықеттерінің бір жұбының қызметінің бұзылуымен байланысты.
Анатомия: Тілдің құрылысын сипаттаңыз. Тілдің бұлшықеттерін атаңыз.
Физиологиясы: Жұту және өңештің қозғалыс қызметі.
Гистология: «Өңеш» гистопрепаратын сипаттаңыз.

№9

15 жастағы қыз бала жалпы әлсіздікке, іштің ауыруына (эпигастрий аймағында), аш болған кезде күшеюіне, тәбетінің төмендеуіне, ауыздан жағымсыз иісі бар қышқыл немесе шірік кекіруіне, жүрек айнуына шағымданады. Анамнезінен созылмалы гастритпен ауыратыны белгілі. Тері жамылғысы таза, бозғылт. Тілі ақ жабындымен жабылған, емізікшелері тегістелген.
Сұрақтар:
Анатомия: Асқазанның топографиясы, құрылысы.
Гистология: Асқазан қабаттарының гистологиялық құрылымы.
Физиология: Негізгі ас қорыту процесстері.

№10

16 жастағы қыз бала бауыр циррозы диагнозымен гастроэнтерологта есепте тұрады. Қанды клиникалық-зертханалық зерттеу кезінде биохимиялық зерттеуде: жалпы билирубин концентрациясы - 49,2 мкмоль/л, альбумин - 36 г/л, протромбин индексі - 78%. Науқаста асцит және бауыр энцефалопатиясы жоқ екендігі анықталды.
Сұрақтар:
Анатомия: Бауырдың анатомиялық құрылымы.
Гистология: Бауырдың функциональдық бірлігі.
Физиология: Бауырдың барьерлік функциясы.

№11
Балаға 13 жас. Эндокринологта 1-типті қант диабеті диагнозымен есепте тұр. Бала спортпен айналысады. Тамақ ішу кезеңін мектеп сабақтарының қарқынды кестесіне және жаттығуларға байланысты жиі жіберіп алады. Бірнеше рет гипогликемия клиникасымен стационарға түскен.
Сұрақтар:
Анатомия: Ұйқы бездің қанайналымы мен иннервациясы.
Гистология: Ұйқы бездің компоненттері.
Физиология: Ұйқы бездің эндокриндік және экзокриндік жүйесі.

№12
Науқастың тіліне ота жасау қарастырылуда. Ота барысында хирург тілді қанмен қамтамасыз ететін артерияны байлауы қажет.
Анатомия: Тілді қанмен қамтамасыз ететін негізгі артерияны атаңыз.
Физиология: Ауыз қуысындағы ас қорыту процессін сипаттаңыз.
Гистология: Тіл кесіндісінің гистологиялық сипаттамасы.

№13
Науқас дәрігерге лоқсу, кекіру, құсу және ауыз қуысындағы жағымсыз иіске шағымданып келді. Созылмалы гастрит диагнозы қойылды.
Анатомия: Гастрит кезінде асқазанның қай қабаты зақымданады?
Физиология: Асқазанның функциональды сипаттамасы.
Гистология: Асқазан қабықтарының функциональды сипаттамасы.

№14
Науқастың тіліне ота жасау қарастырылуда. Ота барысында хирург тілді қанмен қамтамасыз ететін артерияны байлауы қажет.
Анатомия: Тілді қанмен қамтамасыз ететін негізгі артерияны атаңыз.
Физиология: Ауыз қуысындағы ас қорыту процессін сипаттаңыз.
Гистология: Тіл кесіндісінің гистологиялық сипаттамасы.

№15
Науқас асқазаннан қан кету белгілерімен шұғыл түрде хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру барысында асқазанның кіші иіліміннен терең қан кетіп жатқан жара анықталды.
Анатомия: Асқазанның қай тамырларынан қан кетуде?
Физиология: Асқазандағы астың қорытылу процессін сипаттаңыз.
Гистология: Асқазан микропрепаратын сипаттаңыз.

№16
Науқас оң жақ мықын аймағындағы күшті ауырсынумен хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру жүргізу барысында жедел аппендицит диагнозы қойылды.
Анатомия: Ішектің қай бөлігі зақымданған?
Физиология: Тоқ ішектегі ас қорыту процессін түсіндіріңіз.
Гистология: Тоқ ішек микропрепаратын сипаттаңыз.

№17

Науқасты қарау кезінде невропатолог тілді шығарған кезде қиындауын байқады, бұл оның қаңқа бұлшықеттерінің бір жұбының қызметінің бұзылуымен байланысты.
Анатомия: Тілдің құрылысын сипаттаңыз. Тілдің бұлшықеттерін атаңыз.
Физиологиясы: Тілдің қызметі
Гистология: тілдің микропрепаратын сипаттаңыз

№18
Дәрігер екі науқастың асқазанының рентгендік контрастты зерттеу жүргізіп ағзаның қозғалыс қызметін бағалауда. Бірінші науқаста асқазанның жиырылуының жоғарылауы байқалады, ал екінші науқаста ағзаның тонусның төмендеуі байқалады.
Анатомия: Асқазан қабырғасының қандай анатомиялық құрылымдары ағзаның қозғалғыштығын қамтамасыз етеді (тонус және перистальтика)?
Физиология: асқазанның қызметі
Гистология: асқазанның макропрепаратын сипаттаңыз

Бағдарламаның II аралық бақылауға арналған сұрақтары

№ 1
20 жастағы пациент профилактикалық тексеруден өтті. Пальпация кезінде қалқанша безінің симметриялы үлкейгені байқалды, қабыну белгілері жоқ. Шағымы жоқ.

Сұрақтар:
Анатомия: Қалқанша безінің топографиясын және айналасындағы құрылымдармен байланысын сипаттаңыз.
Физиология: Тиреоидты гормондардың (Т3 және Т4) негізгі алмасуды реттеудегі рөлін түсіндіріңіз.
Гистология: Қалқанша безінің микропрепаратын анықтаңыз. Фолликулдардың құрылысын сипаттаңыз.

№ 2
22 жастағы жас жігіт жоспарлы тексеруден өтті. Кальций мен фосфор деңгейі қалыпты, гипо- немесе гиперпаратиреоз белгілері жоқ.

Сұрақтар:
Анатомия: Қалқанша маңы бездерінің орналасуын және олардың нұсқаларын атаңыз.
Физиология: Паратгормонның кальций-фосфор тепе-теңдігін сақтаудағы рөлін түсіндіріңіз.
Гистология: Қалқанша маңы бездерінің негізгі жасушаларының микроскопиялық құрылысын сипаттаңыз.

№ 3
21 жастағы студентка спорттық жарысқа қатысу үшін тексеруден өтті. Шағымы жоқ, артериялық қысым мен кортизол деңгейі қалыпты.

Сұрақтар:
Анатомия: Бүйрекүсті бездерінің орналасуын және сыртқы құрылысын сипаттаңыз.
Физиология: Бүйрекүсті қыртысының қызметтерін (глюкокортикоидтар,

минералокортикоидтар, андрогендер) түсіндіріңіз.
Гистология: Бүйрекүсті қыртысының аймақтарын және олардың ерекшеліктерін сипаттаңыз.

№ 4
25 жастағы ер адам профилактикалық тексеруден өтті. Ашқарын гликемиясы — 4,9 ммоль/л, шағымы жоқ.

Сұрақтар:
Анатомия: Ұйқы безінің құрылысын және оның алдыңғы құрсақ қабырғасына проекциясын сипаттаңыз.
Физиология: Инсулиннің көмірсу алмасуындағы рөлін түсіндіріңіз.
Гистология: Лангерганс аралшықтарының құрылысын және негізгі жасуша түрлерін сипаттаңыз.

№ 5
19 жастағы студентка жоспарлы тексеруден өтті. Гормондық көрсеткіштері қалыпты, физикалық дамуы жасына сәйкес.

Сұрақтар:
Анатомия: Гипофиздің орналасуын және оның «түрік ер-тоқымымен» байланысын сипаттаңыз.
Физиология: Аденогипофиздің негізгі гормондарын және олардың қызметтерін атаңыз.
Гистология: Аденогипофиз бен нейрогипофиздің айырмашылықтарын сипаттаңыз.

№6
Пациент тамақтан кейін эпигастрий аймағында қатты ауырсынуға шағымданып ауруханаға түсті. Ауырсыну қыжылмен және ауырлық сезімімен бірге жүреді. Пациент майлы және ащы тағамдарды көп қолданады, сонымен қатар үнемі алкоголь ішеді.

Сұрақтар:
Анатомия: Асқазанның сыртқы құрылысын және оның синтопиясын сипаттаңыз.
Физиология: Асқазан сөлінің құрамын атаңыз. Тәулігіне қанша бөлінеді және оның pH деңгейі қандай?
Гистология: Асқазанның микропрепаратын анықтаңыз. Оның бездері мен қабаттарын сипаттаңыз.

№7
Хирургия бөліміне науқас артқы өтіс аймағындағы ауырсынуға және дефекация кезінде қан бөлінуіне шағымданып түсті.

Сұрақтар:
Анатомия: Тік ішектің құрылысын және оның ішпердемен байланысын сипаттаңыз. Ерлер мен әйелдердегі жамбас қуысының ойықтарын атаңыз.
Физиология: Дефекация актісінің механизмін түсіндіріңіз. Еріксіз және ерікті бақылау орталықтары қайда орналасқан?

Гистология: Тік ішектің микропрепаратын анықтаңыз. Эпителий мен бұлшықет қабаттарын сипаттаңыз.

№8

36 жастағы А. есімді науқас тамақтан кейін 30 минуттан соң пайда болатын іштің қатты ауруына, «кофе қойыртпағы» түстес құсуға шағымданып қабылдау бөліміне түсті. Құсу жеңілдік әкеледі. Науқас 12 жыл бойы алкоголь қолданып, күніне 1 қорап темекі шегеді.

Сұрақтар:

Анатомия: Асқазанның құрылысын сипаттаңыз. Оның қанмен қамтамасыз етілуін атаңыз.
Физиология: Құсу рефлексінің механизмін және оның маңызын түсіндіріңіз.
Гистология: Асқазанның микропрепаратын анықтаңыз. Фундальды бездердің құрылыс ерекшеліктерін сипаттаңыз.

№9

40 жастағы К. есімді әйел науқас іштің ауруына, жиі құсуға, жүрек айнуға, қызылға және асқазандағы ауырлық сезіміне шағымданып дәрігерге қаралды. Соңғы аптада бұл белгілер күшейген.

Сұрақтар:

Анатомия: Асқазанның құрылысын сипаттаңыз. Оның қанмен қамтамасыз ететін артерияларын атаңыз.
Физиология: Ішек сөлінің құрамын сипаттаңыз. Энтерокиназаның рөлін түсіндіріңіз.
Гистология: Ішектің микропрепаратын анықтаңыз. Оның бүрлері мен крипталарын сипаттаңыз.

№10

37 жастағы С. есімді ер адам ауыздың құрғауына, шөлдеуге, жиі зәр шығаруға, қатты ашығуға, қол-аяғының ұйып қалуына, көрудің нашарлауына шағымданды. Ашқарынға тексергенде қандағы глюкоза деңгейі — 11,8 ммоль/л.

Сұрақтар:

Анатомия: Ұйқы безінің құрылысын сипаттаңыз. Оның қанмен қамтамасыз етілуін атаңыз.
Физиология: Ұйқы безі сөлінің құрамын және оның pH деңгейін сипаттаңыз.
Гистология: Ұйқы безінің микропрепаратын анықтаңыз. Лангерганс аралшықтарын сипаттаңыз.

№11

34 жастағы М. есімді ер науқас әлсіздікке, тәбеттің жоғалуына, дененің сырқырауына, дене қызуының көтерілуіне және қара түсті зәрге шағымданып учаскелік дәрігерге қаралды. Дәрігер клинико-зертханалық тексерулерді тағайындады.

Сұрақтар:

Анатомия: Бауырдың сыртқы құрылысын және оның байламдарын сипаттаңыз.
Физиология: Өттің құрамын атаңыз. Ас қорытудағы маңызын түсіндіріңіз.

Гистология: Бауырдың микропрепаратын анықтаңыз. Бауыр бөлігінің құрылысын сипаттаңыз.

№12
Қарт науқаста проктит салдарынан жартылай қалыптасқан нәжістің тоқтамай ағуы, сондай-ақ 1–2 рет толық қалыптасқан нәжістің төсекте немесе киімге бөлінуі байқалады.

Сұрақтар:
Анатомия: Жуан ішектің айрықша белгілерін және оның бөлімдерін атаңыз.
Физиология: Нәжіс массасының қалыптасу механизмін түсіндіріңіз. Дефекация орталығы қайда орналасқан?
Гистология: Жуан ішектің микропрепаратын анықтаңыз. Крипталарын және эпителийін сипаттаңыз.

№13
68 жастағы ер адам іш қатуға шағымданып учаскелік терапевтке қаралды. Дефекация аптасына 1–2 рет, нәжіс қатты, кесектелген, патологиялық қоспаларсыз. Іш ауыруы жоқ, бірақ дефекация болмағаннан кейін ануста ауырсыну, әсіресе тығыз нәжісте, және соңында бірнеше тамшы қан бөлінуі байқалады. Науқас іш қатуды өмір салтының өзгеруімен байланыстырады.

Сұрақтар:
Анатомия: Тік ішектің құрылысын және оның қанмен қамтамасыз етілуін сипаттаңыз. Артерия көздерін атаңыз.
Физиология: Нәжіс массасының жылжу механизмін түсіндіріңіз. Жуан ішектің моторика түрлерін атаңыз.
Гистология: Тік ішектің микропрепаратын анықтаңыз. Шырышты қабық пен бұлшықет қабатын сипаттаңыз.

№14
52 жастағы әйел (аспаз) жедел жәрдеммен оң қабырға астындағы ауырсынуға (оң бұғанаға тарайтын), жүрек айнуға және екі рет жеңілдік әкелмейтін құсуға байланысты қабылдау бөліміне жеткізілді.

Сұрақтар:
Анатомия: Өт қабының және бауырдан тыс өт жолдарының құрылысын сипаттаңыз.
Физиология: Өттің бөлінуі механизмін түсіндіріңіз. Ас қорыту фазаларында өт қабындағы қысымды атаңыз.
Гистология: Өт қабының микропрепаратын анықтаңыз. Шырышты қабығын сипаттаңыз.

№15
30 жастағы әйел сұйық және жартылай қалыптасқан нәжіске, кіндік маңындағы ауырсынуға, іштің кебуіне, күбірлеуіне, жағымсыз дәмге шағымданып дәрігерге қаралды.

Сұрақтар:
Анатомия: Он екі елі ішектің құрылысын және оның бөлімдерін сипаттаңыз.
Физиология: Ішек сөлінің гуморальдық реттелуін және оның маңызын түсіндіріңіз.

Гистология: Он екі елі ішектің микропрепаратын анықтаңыз. Оның бүрлері мен Бруннер бездерін сипаттаңыз.

№16
40 жастағы Б. есімді пациент жалпы әлсіздікке, шаршағыштыққа, артық салмаққа, физикалық жүктемеде ентігуге, тағам қабылдағанда қыжылға шағымданып дәрігерге қаралды.

Сұрақтар:
Анатомия: Ұйқы безінің қаңқалық және топографиялық орналасуын атаңыз.
Физиология: Глюкагонның әсерін түсіндіріңіз. Қандағы глюкозаның қалыпты деңгейін атаңыз.
Гистология: Ұйқы безінің микропрепаратын анықтаңыз. Оның бөліктері мен аралшықтарын сипаттаңыз.

№17
42 жастағы К. есімді әйелге үш күн бұрын асқазанға операция жасалды. Пациент төсектік режимде. Осы уақыт ішінде нәжіс болмаған, пациент қатты алаңдаулы.
Сұрақтар:
Анатомия: Асқазан қабырғасының құрылысын және оның бөлімдерін сипаттаңыз.
Физиология: Асқазан моторикасының реттелуін түсіндіріңіз. Асқорыту гормондарының маңызын атаңыз.
Гистология: Асқазанның микропрепаратын анықтаңыз. Бұлшықет қабаты мен шырышты қабығын сипаттаңыз.

№18
45 жастағы С. есімді науқаста тамақтан кейін 3–4 сағаттан соң, көбіне түнде эпигастрий аймағында қатты ауырсыну, қышқыл кекіру, қызыл, іш қату байқалады. Тәбеті сақталған. Тері бозғылт, тері асты май қабаты әлсіз дамыған. Тілі ақшыл-сары қақпен қапталған.
Сұрақтар:
Анатомия: Асқазанның жалпы және қаңқалық топографиясын сипаттаңыз. Оның иннервациясын атаңыз.
Физиология: Мембраналық ас қорыту механизмін және жіңішке ішектегі ас қорыту түрлерін түсіндіріңіз.
Гистология: Асқазанның микропрепаратын анықтаңыз. Оның бездері мен эпителийін сипаттаңыз.

№19
44 жастағы З. есімді әйел әлсіздікке, тершеңдікке, ашушаңдыққа, дірілге, ыстықты сезінуге, жүрек қағуына, арықтауға шағымданып дәрігерге қаралды. Қалқанша безі диффузды үлкейген. Тері асты май қабаты жеткіліксіз дамыған.
Сұрақтар:
Анатомия: Қалқанша безінің артерияларын және олардың шығу көздерін атаңыз. Оның бөліктерін атаңыз.
Физиология: Т3 және Т4 әсер ету механизмін түсіндіріңіз. Гипо- және гипертиреоздың белгілерін атаңыз.

Гистология: Қалқанша безінің микропрепаратын анықтаңыз. Фолликулдардың құрылысын сипаттаңыз.

№20

48 жастағы ер науқас алғаш рет анықталған инсулинге тәуелді қант диабеті диагнозымен эндокринология бөліміне жатқызылды. Ауыздың құрғауына, қатты шөлдеуге (тәулігіне 5 литрге дейін сұйықтық ішуге), жиі әрі көп зәр шығаруға, әлсіздікке шағымданды.

Сұрақтар:

Анатомия: Ұйқы безінің құрылысын және оның бөліктерін сипаттаңыз.

Физиология: Инсулиннің әсер ету механизмін түсіндіріңіз. Алиментарлық гипергликемияның себептерін атаңыз.

Гистология: Ұйқы безінің микропрепаратын анықтаңыз. Лангерганс аралшықтарының жасушаларын сипаттаңыз.

№21

18 жастағы пациент профилактикалық тексеріс үшін стоматологқа жүгінді. Шағымы жоқ, тістері бүтін, тістесу дұрыс.

Сұрақтар:

Анатомия: Тістің құрылысын (тәж, мойын, түбір) сипаттаңыз. Тіс доғасындағы тістердің түрлерін атаңыз.

Физиология: Тістердің тағамды механикалық өңдеудегі рөлін түсіндіріңіз.

Гистология: Тістің микропрепаратын анықтаңыз. Дентин мен одонтобластарды сипаттаңыз.

№22

20 жастағы әйел қышқыл тағам қабылдағанда тілде жеңіл күйдіру сезіміне шағымданды. Объективті: тіл таза, бүртіктер сақталған.

Сұрақтар:

Анатомия: Тілдің құрылысын және оның бұлшықеттерін сипаттаңыз.

Физиология: Дәм бүртіктері мен дәм рецепторларының рөлін түсіндіріңіз.

Гистология: Тілдің микропрепаратын анықтаңыз. Жіптәрізді және саңырауқұлақ тәрізді бүртіктердің құрылысын сипаттаңыз.

№23

35 жастағы ер адам профилактикалық тексеру кезінде гастроскопиядан өтті. Өңештің шырышты қабығы патологиясыз.

Сұрақтар:

Анатомия: Өңештің топографиясын, оның тарылуларын және қабырғасының қабаттарын сипаттаңыз.

Физиология: Жұтыну механизмін және тағам кесегінің өңеш арқылы өтуін түсіндіріңіз.

Гистология: Өңештің микропрепаратын анықтаңыз. Эпителийі мен бұлшықет қабықтарын сипаттаңыз.

№24

22 жастағы студент ауыз қуысының санациясы үшін стоматологқа жүгінді. Қатты және жұмсақ таңдайдың шырышты қабығында патология жоқ.

Сұрақтар:

Анатомия: Қатты және жұмсақ таңдайдың құрылысын сипаттаңыз.

Физиология: Жұмсақ таңдайдың жұтыну мен сөйлеудегі рөлін түсіндіріңіз.

Гистология: Таңдайдың микропрепаратын анықтаңыз. Эпителийі мен шырышасты қабатын сипаттаңыз.

№25

40 жастағы әйел профилактикалық тексеруден өтті. Ауыздың құрғауына шағымы жоқ. Сілекей бездері қалыпты жұмыс істейді.

Сұрақтар:

Анатомия: Үлкен және кіші сілекей бездерін және олардың өзектерін атаңыз.

Физиология: Сілекейдің құрамын және оның қызметін сипаттаңыз.

Гистология: Сілекей безінің микропрепаратын анықтаңыз. Серозды және шырышты соңғы бөлімдердің айырмашылығын сипаттаңыз.